

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Педагогика және психология негіздері**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мида жалпылай және жанама түрде бейнеленуінен көрінетін психикалық үдеріс

- A) түйсік
- B) ес
- C) қиял
- D) қабылдау
- E) ойлау

2. Адамға табиғи сіңісіп кеткен, арнайы күш жұмсауды қажет етпейтін зейін түрі

- A) ырықсыз
- B) негізгі
- C) үйреншікті
- D) ырықты
- E) бастапқы

3. Жеке тұлғаның адамдарға, іс-әрекетке, өзіне, қоршаған ортаға тұрақты қарым-қатынасы

- A) мінез
- B) эмоция
- C) қабілет
- D) темперамент
- E) қабылдау

4. Зейіннің түрлері

- A) ырықты, ырықсыз
- B) ерікті, еріксіз
- C) жалған, шынайы
- D) активті, пассивті
- E) шоғырланған, шоғырланбаған

5. Адамның психикалық әрекетінің сыртқы көрінісі

- A) мимика
- B) сезім
- C) эмоция
- D) көзқарасы
- E) мінезі

6. Өзін –өзі байқау түсінігі\_\_\_\_\_терминімен мағыналас

- A) интроспекция
- B) интроверсия
- C) интроекция
- D) интроскопия
- E) деформация

7. Психология терминін ғылымға енгізген

- A) К.Вольф
- B) Аристотель
- C) З.Фрейд
- D) Платон
- E) Ж.Руссо

8. Психология жеке ғылым ретінде\_\_\_\_\_ танылды

- A) XIXғ. 80 жылдары
- B) XIXғ. 40 жылдары
- C) XX ғ. 20 жылдары
- D) XVIIIғ. 90 жылдары
- E) XXғ. 80 жылдары

9. Рефлекс және сананы ғылымға енгізген ғалым

- A) Р.Декарт
- B) Т.Мор
- C) Ф.Тейлор
- D) И.П.Павлов
- E) В.Вундт

10. Педагогикалық кеңестің оқу жылында өту саны

- A) 5
- B) 4
- C) 3
- D) 2
- E) 6

11. Мұғалім мен ата-ананың бірлескен отырысы

- A) ата-аналар жиналысы
- B) сынып сағаттары
- C) үйірмелер
- D) сыныптан тыс жұмыстар
- E) факультатив сабақтар

12. Баланың алғашқы ұжымы

- A) отбасы
- B) мектеп
- C) мектепке дейінгі ұжым
- D) спорт жаттықтырушы
- E) әлеуметтік орта

13. Ұжым

- A) ортақ мақсаты бар адамдар тобы
- B) кинозалдағы көрермендер
- C) адамдар тобы
- D) автобустағы адамдар тобы
- E) отбасы мүшелері

14. А.С.Макаренко бойынша перспектива түрлері

- A) 3
- B) 2
- C) 4
- D) 5
- E) 6

15. Синтез дегеніміз-

- A) құбылысты жеке бөліктерге бөлу
- B) жалпылау элементтері
- C) абстракциялау жайттары
- D) құбылыс элементтерін біріктіру
- E) ой қорытындысы

16. Қабылдау – бұл

- A) сыртқы әлемнің субъективті түрде бейнеленуі
- B) талдағыштардың бірлескен іс-әрекетінің нәтижесі
- C) қоғам мен табиғаттың заңдылықтарының бейнесі
- D) сезім мүшелері арқылы заттардың толық бейнеленуі
- E) объектілердің жеке материалдық қасиеттерінің бейнеленуі

17. Тұлғаның бағыттылығын сипаттайды

- A) сабырлығы, темпераменті, түйсігі
- B) ақыл-ойы, қиялы, сөйлеуі
- C) сөйлеуі, мінезі, қабылдауы
- D) түйсігі, шоғырлануы, бөлінуі
- E) құндылықтары, сенімі, мақсаты

18. Адамдар арасында хабар алмасуға бағытталған іс әрекеттің түрі

- A) еңбек
- B) қарым-қатынас
- C) оқу
- D) ойын
- E) жүріс-тұрыс

19. Жыл бойы мектепте оқытылатын оқу пәндерінің құрамын, ретін, сағат санын анықтайтын нормативті құжат

- A) Оқу бағдарламалары
- B) Оқу жоспары
- C) Оқу –әдістемелік кешен
- D) Оқулықтар
- E) Стандарт

20. Білім беру ұйымдарының нақты бір түрінде оқыту үшін таңдап алынған білімдер мен біліктер жүйесі

- A) Білім беру мазмұны
- B) Білім беру әдістері
- C) Білім беру формалары
- D) Білім беру ұстанымдары
- E) Білім беру құралдары

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Химия**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Ацетилен қатарының көмірсутектеріне жатады:

- A) этан
- B) пропан
- C) пропен
- D) пропин
- E) бутен

2. Гексанның салыстырмалы молекулалық массасы

- A) 106
- B) 86
- C) 126
- D) 116
- E) 76

3. Қайтымды реакция теңдеуі:

- A)  $KOH + HCl = HCl + H_2O$
- B)  $N_2 + 3H_2 = 2NH_3$
- C)  $FeCl_3 + 3NaOH = Fe(OH)_3 + 3NaCl$
- D)  $Na_2O + 2HCl = 2NaCl + H_2O$
- E)  $CuSO_4 + BaCl_2 = BaSO_4 + CuCl_2$

4. Идеалды жүйелерге орындалатын заңдар реалды жүйелер үшін де орындалуы үшін енгізілген түсінік:

- A) иондану дәрежесі
- B) селективтілік
- C) активтілік
- D) иондық күш
- E) иондық заряд

5. Қозғалмалы тепе-теңдік принципі орындалады:

- A) химиялық та, физикалық та үрдістерге
- B) тек қана химиялық үрдістерге
- C) химиялық та, экономикалық та үрдістерге
- D) тек қана физикалық үрдістерге
- E) катализатор қатысындағы химиялық үрдістерге

6. Қышқылдық-сілтілік титрлеу әдісі

- A) тотығу-тотықсыздану реакциясы
- B) тұнба түзіп жүретін реакция
- C) рН өзгеріп жүретін реакция
- D) комплекс түзіп жүретін реакция
- E) газ бөлініп жүретін реакция

7. Сульфамидтер түзіледі:

- A) сульфохлоридтер аммиактың артық мөлшерімен әрекеттескенде
- B) катализатор қатысында тотықсыздандырғанда
- C) конц. азот қышқылымен тотыққанда
- D) ауыр металдардың тұздарымен әрекеттескенде
- E) аммоний гидроксидінің артық мөлшерімен әрекеттескенде

8. NaOH ерітіндісінің электролизі кезінде катодта 2,8л газ (қ.ж.) бөлінді. Анодта бөлінген зат:

- A) сутек
- B) натрий
- C) су
- D) натрий гидридi
- E) оттек

9. Аниондарға  $SO_4^{2-}$ ,  $SO_3^{2-}$ ,  $PO_4^{3-}$  топтық реагент:

- A)  $BaCl_2$
- B)  $MnCl_2$
- C) HCl
- D)  $SO_4$
- E)  $NH_4ClO_4$

10. Берілген қосылыстардың ішінде біріншілік амин:

- A)  $CH_3-NH_2$
- B)  $(CH_3)_2NH$
- C)  $(CH_3)_3N$
- D)  $CH_3-C\equiv N$
- E)  $(C_2H_5)_2NH$

11. Аргентометрия және меркурометрия әдісі

- A) тотығу-тотықсыздану реакциясы
- B) тұнба түзіп жүретін реакция
- C) рН өзгеріп жүретін реакция
- D) комплекс түзіп жүретін реакция
- E) газ бөлініп жүретін реакция

12. Катиондарды қышқылды-негізді топтастыруда  $Ag^+$ ,  $Pb^{2+}$ ,  $Hg_2^{2+}$  иондарына топтық реагент:

- A)  $HNO_3$
- B)  $NaOH$
- C)  $OH$
- D)  $HF$
- E)  $HCl$

13. Қайнау температурасы бір-біріне жақын екі сұйықты бөлу әдісі:

- A) буландыру
- B) сүзу
- C) кристалдау
- D) айдау
- E) тұнбаға түсіру

14. Еріген заттың сумен алмасу реакциясына түсіп, яғни диссоциацияланған иондардың  $H^+$  немесе  $OH^-$  иондарымен әрекеттесуі

- A) гидратация
- B) электролиттік диссоциация
- C) гидролиз
- D) ерігіштік
- E) бейтараптану

15. Алкендерге судың қосылу реакциясы механизм бойынша:

- A) каталитикалық гидратация
- B) нуклеофильді қосылу
- C) электрофильді гидрлеу
- D) ионды-каталитикалық
- E) электрофильді қосылу

16. 2,3,3-триметилгексанның каталитикалық дегидрленуі нәтижесінде түзілген алкиннің саны:

- A) біреу
- B) екеу
- C) үшеу
- D) жетеу
- E) тоғыз

17. 2 моль алюминий бромиді мен 3 моль калий карбонаты ерітінділерін қосып, аздап қыздырса:

- A) тұнба түзіледі, бірақ газ бөлінбейді
- B) тұнба түзіледі және газ бөлінеді
- C) газ бөлінеді, бірақ тұнба түзілмейді
- D) көзге көрінетін еш өзгеріс байқалмайды
- E) газ бөлінеді, бірақ ерітінді түзіледі

18.  $CuSO_4$  сулы ерітіндісінде инертті анодта түзіледі:

- A) катодта-сутегі, анодта-оттегі, ерітіндіде-мыс сульфаты
- B) катодта-мыс, анодта-күкірт, ерітіндіде- мыс гидроксиді
- C) катодта-мыс, анодта-оттегі, ерітіндіде-күкірт қышқылы
- D) катодта-сутегі, анодта- күкірт, ерітіндіде-су
- E) катодта-оттегі, анодта- су, ерітіндіде- күкірт қышқылы

19. Ацетиленді жоғары температурада тримеризациялағанда түзілетін зат:

- A) бензол
- B) толуол
- C) гексан
- D) циклобутadiен
- E) метилциклогексан

20. Кейбір фенолдардың ерігіштігі артады

- A) бензол ядросындағы сутегі санымен
- B) гидроксильді топ санының өсуімен
- C) молекуласындағы оттегі санымен
- D) молекуласындағы сутегі санымен
- E) атомдық радиусының артуымен



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Альдегидтер мен кетондар:

- A) қосылу, тотығу реакциясына
- B) нейтралдану, айрылу реакциясына
- C) фотохимиялық, полимерлену реакциясына
- D) орын басу, қосылу реакциясына
- E) алмасу, гидролиздену реакциясына
- F) полимерлену, поликонденсациялану реакциясына
- G) тізбекті, ыдырау реакциясына
- H) жану, гидролиздену реакциясына

22. Сандық химиялық әдістер:

- A) потенциометрия
- B) газовольюметрия, титриметрия
- C) титриметрия
- D) титриметрия, хроматография
- E) газовольюметрия
- F) гравиметрия

23. Өзара гомолог болып келетін қосылыстар:

- A) этин
- B) этилен
- C) пропан
- D) пропилен
- E) бензол

24. Экстракция -

- A) сандық анықтау әдісі
- B) бақылау әдісі
- C) сапалық анықтау әдісі
- D) бөлу әдісі
- E) концентрлеу әдісі
- F) тазалау әдісі

25. Бутин-1 қышқыл ретінде әрекеттеседі:

- A) литий хлориді
- B) натрий гидридi
- C)  $\text{Br}_2$
- D)  $\text{C}_4\text{H}_9\text{Li}$
- E) күкірт қышқылы
- F)  $\text{HNO}_3$

26. Құрамындағы ОН тобы бойынша спирттер ажыратылады:

- A) бірфазалы
- B) біратомды
- C) екіфазалы
- D) үшфазалы
- E) төртатомды
- F) екіатомды
- G) үшатомды

27. Перманганатометрия әдісінде қолданылатын индикаторлар:

- A) мурексид
- B) тимолфталеин
- C) крахмал
- D) дифениламин
- E) эозин
- F) фенолфталеин

28. Екінші аналитикалық топқа жататын аниондар:

- A)  $\text{KNO}_3$
- B)  $\text{J}^-$
- C)  $\text{CH}_3\text{COO}^-$
- D)  $\text{Br}^-$
- E)  $\text{NO}_3^-$
- F)  $\text{NO}_2^-$
- G)  $\text{Cl}^-$

29. Фазалық құрамына байланысты катализ ажыратылады:

- A) гомогенді
- B) гетерогенді
- C) гомофазалық
- D) гетерофазалық
- E) бір фазалы
- F) сатылы
- G) ферменттік

30. Сірке альдегидінен өнеркәсіпте алынады:

- A) уротропин
- B) пластмасса
- C) альдоль
- D) сірке қышқылы
- E) этилацетат
- F) ацеталь
- G) формалин
- H) ацетон

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Кермек суда жуынғанда терінің құрғап, кебуі байқалады, кір жуғанда сабын көпірмейді, тамақ пісіргенде тамақтың дәмін бұзады, қайнатқанда шәйнек қабырғаларында қақтың түзілуіне әкеледі. Сонымен қатар, кермектігі жоғары суды пайдалану ағзада тастың пайда болуына әкеледі. Судың кермектігінің болу себептерін түсіндіріңіз.

31. Судың кермектігі түсіндіріледі:

- A) кальций және магний тұздарының еруімен
- B) кальций және магний гидроксидінің еруімен
- C) стронций және қалайы тұздарының еруімен
- D) барий және натрий тұздарының еруімен
- E) кальций және барий тұздарының еруімен

32. Кермек суда тамақ не себепті нашар піседі:

- A) барий иондары тағамдағы белоктармен ерімейтін қосылыстар түзеді
- B) кальций иондары тағамдағы белоктармен ерімейтін қосылыстар түзеді
- C) кальций иондары тағамдағы белоктармен тез әрекеттесіп кетеді
- D) кальций иондары тағамдағы пиктиндермен ерімейтін қосылыстар түзеді
- E) кальций иондары тағамдағы белоктармен ерітіп жібереді

33. Судың кермектігін жою әдісіне жатады:

- A) кальций гидроксидін қосу
- B) аммоний гидроксидін қосу
- C) катализатор қосу
- D) барий хлоридін қосу
- E) қышқылмен әсер ету

34. Кермек суда сабын нашар көпіреді, себебі:

- A) кальций мен магний иондары сабын құрамындағы органикалық қышқыл қалдықтарымен ерімейтін тұз түзеді
- B) стронций мен қалайы иондары сабын құрамындағы органикалық қышқыл қалдықтарымен ерімейтін тұз түзеді
- C) барий мен натрий иондары сабын құрамындағы органикалық қышқыл қалдықтарымен ерімейтін тұз түзеді
- D) кальций мен магний иондары органикалық еріткіштерде ерімейді
- E) кальций мен барий иондары сабын құрамындағы органикалық қышқыл қалдықтарымен ерімейтін тұз түзеді

35. Кермек суда жуылған заттар ұстағанда қаттылау болып сезіледі, себебі:

- A) Са және Mg тұздарын матаның сіңіруі
- B) Са және Mg тұздарының суда еруі
- C) Са және Mg тұздарының суда ерімеуі
- D) қорғасын тұздарының суда еруі
- E) қалайы тұздарының суда еруі

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Металдардың электрохимиялық кернеу қатары**

Студент зертханада екі химиялық стаканға да бірдей 20%-дық мыс сульфатының қышқылданған сулы ертіндісін құйып, біреуіне-темір пластикасын, екіншісіне-мырыш пластинкасын батырып қойып кетті. Аздаған уақыт өткен соң екі стакандағы пластиканы шығарып, фильтр қағазымен сүрткенде, пластикалар бастапқыдай емес, өзгеріп кеткенін байқады. Қандай құбылыстар болды?

36. Мырыш пластинкасы салынған стаканда:

- A) мырыш мысты ертіндісінен ығыстыра алмайды, пластинка беті өзгермейді
- B) мырыш мысты ертіндіден ығыстырып, пластинка беті мыспен қапталады
- C) мырыш пластинканың бетінде судың әсерінен тат түзіледі
- D) мырыш пластинканың беті қарайып кетеді
- E) мырыш пластинканың беті мырыш гидроксидімен қапталады

37. Екі стаканда да реакция нәтижесінде түзіледі:

- A)  $CuO + ZnSO_4$ ;  $CuO + FeSO_4$
- B)  $Cu \downarrow + ZnSO_4$ ;  $Cu_2O \downarrow + FeSO_4$
- C)  $Cu \downarrow + ZnSO_4$ ;  $Cu_2O \downarrow + FeO \cdot Fe_2O_3$
- D)  $Cu \downarrow + ZnO$ ;  $Cu_2O \downarrow + FeSO_4$
- E)  $Cu \downarrow + ZnSO_4$ ;  $Cu \downarrow + FeSO_4$

38. Темір пластинканың беті мыспен қапталуы:

- A) темірдің активтілігі мысқа қарағанда төмен
- B) темір металдардың кернеу қатарында мыстан кейін орналасқан
- C) темір металдардың кернеу қатарында мысқа дейін орналасқан
- D) темір мыстың ертіндісімен нашар әрекеттеседі
- E) темірдің беті мыс пен темірдің оксидтерімен қапталған

39. Темір пластинкасы салынған стаканда:

- A) темір мысты ертіндісінен ығыстырып, пластинка беті мыспен қапталады
- B) темір пластинканың беті темір оксидімен қапталады
- C) темір пластинканың бетінде судың әсерінен тат түзіледі
- D) темір мысты ертіндісінен ығыстыра алмайды, пластинка беті өзгермейді
- E) темір пластинканың беті қарайып кетеді

40. Мырыш пластинкасы бетінің мыспен қапталуы:

- A) мырыштың активтілігі мысқа қарағанда төмен
- B) мырыш металдардың кернеу қатарында мыстан кейін орналасқан
- C) мырыш мыстың ерітіндісімен нашар әрекеттеседі
- D) мырыш металдардың кернеу қатарында мысқа дейін орналасқан
- E) мырыштың беті мыс пен мырыштың оксидтерімен қапталған

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***